



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 жылғы 02 қыркүйек
Қарағанды қаласы

№ *207*
город Караганда

Гимназия оқушыларының ыстық тамақтандыруын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2023 жылғы 14 желтоқсандағы Х сессиясының «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №119 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік орта білім ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» №598 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 05 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, 2023 жылғы 3 тамыздағы жұмыс тобының №1 хаттамасына, Қарағанды облысы білім басқармасының 2024 жылғы 26 тамыздағы №391 бұйрығына және Қарағанды қаласы білім бөлімінің 2024 жылғы 29 тамыздағы №428 н/қ бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. ТЖ жөніндегі директордың орынбасары Рахимова С.Е.:

1.1. 2025 жылғы 02 қыркүйектен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражат шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс ұйымдастырылсын.

003272

1.2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік орта білім ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» №598 бұйрығына сәйкес ыстық тамақтандыру ұйымдастырылсын.

1.3. Ережеге сәйкес білім алушылардың жас ерекшелігіне байланысты тағамдарды, сондай-ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып, күнделікті ас мәзірі бекітілсін. Бекіту кезінде Қарағанды облысының білім басқармасы ұсынған ас мәзірі негізінде бекітілген бірыңғай ас мәзірі пайдалансын.

1.4. Оқушылардың ыстық және буфеттік тамақтануына күн сайын бақылау жасалсын.

1.5. Ас блоғының паспорты дайындалсын және бекітілсін.

1.6. Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша айлық есептердің уақытында тапсырылуы қамтамасыз етілсін.

1.7. Тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпарат интернет-ресурста «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыру қамтамасыз етілсін.

1.8. Заңнамаға сәйкес гимназияда тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша құжаттама жүргізілсін.

1.9. Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес оқушыларды тамақтандыру кестесі бекітілсін және ыстық тамақтану уақыты белгіленсін.

1.10. Оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастырудың айында 2 рет зерттеу актілерін өткізумен тамақтандыру комиссиясының жұмысы белсендірілсін.

2. ТЖ жөніндегі директордың орынбасары Римшелите М.З.:

2.1. Жалпыоқу қорынан аз қамтылған отбасынан шыққан балаларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуге үнемі бақылау жасалсын.

3. Бас бухгалтер Оспанова О.А.:

3.1. Оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыруға көзделген бюджеттік қаражаттарды уақытымен және мақсатты жұмсау қамтамасыз етілсін.

4. Мед. қызметкер Аширбекова Н.Б.:

4.1. Оқушылардың тамақтандыруын ұйымдастыруға күн сайын медициналық бақылау жасалсын.

4.2. Оқушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету күн сайын бақылауға алынсын.

4.3. Әрекеттегі санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен ережелерге сәйкес азық-түлік сапасына, асхана мен ас блоғының қалыбына бақылау күшейтілсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор

В. Лемешко

Таныстық:

ТЖ ж. директордың орынбасары С. Рахимова

ТЖ ж. директордың орынбасары М. Римшелите

Бас бухгалтер О. Оспанова

Мед. қызметкер Н. Аширбекова

Орынд. С. Рахимова

